

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 2026 жыл 14 сәуірдегі №276 хатын және Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2026 жыл 15 сәуірдегі №1056 хатын назарға алу үшін жолдайды.

Фестивальдің ұйымдастырылуы мен өткізілуіне Ш.Мұртаза атындағы ХТУ-нің Шерхантану ғылыми-зерттеу орталығы жауапты. Толық ақпаратты ережеде көрсетілген байланыс нөмірлері арқылы біле аласыздар.

Қосымша: 4 бет (хаты, ережесі) тіркеледі.

Басшының міндетін
уақытша атқарушы

Б.Самылтыров

Орындаған: А.Кариева
87476118932

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
«Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
басшысының міндетін уақытша
атқарушы
БҰРЫШТАМАСЫ
«___» сәуір 2026 ж.

Хаттың орындалу уақыты:

«___» _____ 2026ж

А. Кариева

Б. Самылтыров



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «РЕГИОНАЛЬНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080011 город Тараз, улица Е. Котикова, 30
тел. 8 707 234 37 01
E-mail: zhambyl.daryn.kz

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына


Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны»
аймақтық ғылыми-практикалық орталығы Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз университетінің 15.04.2026 жылғы №1056 хатын назарға алу үшін
жолдайды.

Фестивальдің ұйымдастырылуы мен өткізілуіне Ш.Мұртаза атындағы
ХТУ-нің Шерхантану ғылыми-зертеу орталығы жауапты. Толық ақпаратты
ережеде көрсетілген байланыс нөмерлері арқылы біле аласыздар.

Қосымша: 4 бет. (хаты, ережесі)

Директордың м.а.



А.Естемесова

Орындаған: Ә.Түнгат
Тел. 87479880094

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ "Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	
КІРІС №	906
16.04	2026 ж.

001007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
«ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ
УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ»

АТҚАНЫШТЫҢ АТЫ: ШЕРХАН МҰРТАЗА
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
Тел: +7 726 21 53 11 24
Тел: +7 726 21 53 11 25
Тел: +7 726 21 53 11 26
e-mail: sherkhan@itu.kz

АТҚАНЫШТЫҢ АТЫ: ШЕРХАН МҰРТАЗА
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
Тел: +7 726 21 53 11 24
Тел: +7 726 21 53 11 25
Тел: +7 726 21 53 11 26
e-mail: sherkhan@itu.kz

АТҚАНЫШТЫҢ АТЫ: ШЕРХАН МҰРТАЗА
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
Тел: +7 726 21 53 11 24
Тел: +7 726 21 53 11 25
Тел: +7 726 21 53 11 26
e-mail: sherkhan@itu.kz

18.09.2026 № 002/2956

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық
орталығы» КММ басшысы М.А.Есеналиеваға

СҰРАНЫС ХАТ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті Шерхантану ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен тұңғыш рет өткізілетін «ШЕРХАН ӘЛЕМІ - SHERKHAN WORLD» облыстық шығармашылық фестиваліне Жамбыл облысы және Тараз қаласы оқушыларының қатысуына ықпал етуіңізді сұранамын.

Байқау 29 сәуір күні сағат 10.00-де Желтоқсан көшесі 69Б мекенжайындағы бас ғимараты Акт залында өтеді.


Ескерту: Байқаудың төрт бағыты бойынша әр ауданнан 2 оқушыдан қатыстыру қажет. Драмалық бағыт бойынша әр ауданға 2 сахналық қойылым қоюға рұқсат. Қала мектептерінен жсалпы 10 қойылым және әр бағытқа 6 оқушыдан қатысуына рұқсат.


(Байқау ережесі №1 қосымшада берілген.)

Сізге, руханияттың жанашыры, өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі үлкен жауапкершілігіңіз үшін алдын-ала зор алғысымды білдіремін.


Ректор

М.Сарымбеков





Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті
Шерхантану ғылыми-зерттеу орталығы



**«ШЕРХАН ӘЛЕМІ - SHERKHAN WORLD»
облыстық шығармашылық фестивалінің
Е Р Е Ж Е С І**

Мақсаты: Ш.Мұртаза шығармашылығын насихаттай отырып, сан қырлы саладағы қызметіне байланысты оқушылар мен студенттерді жазушының болмысын тануға, қазақ еліне деген сүйіспеншілігін, құрметін арттыру, әрбір білім алушының Қазақстанға қандай үлес қоса алатындығы туралы ой саяу, оқушылардың креативті ойлау деңгейін анықтау, өмірде алған білімдерін қолдана алуға бағыттай отырып, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеті: Оқушылар мен студенттердің шығармашылығын дамытуға, өзіндік қорытынды және тұжырым жасауға бағыттап, ЖИ мүмкіндіктерін пайдалануға дағдыландырып, үздік қойылым бағыты бойынша әртістік қабілетін дамыту.

Байқау 4 бағыттан тұрады:

1. «Sherkhan - AI» - үздік ЖИ контенті бағыты
2. «Essay competition» - эссе байқауы бағыты
3. «Best article» - үздік танымдық мақала бағыты
4. «Drama time» - үздік қойылым бағыты

1. «Sherkhan - AI» - үздік ЖИ контенті бағытының талаптары:

Негізгі мақсат – оқушылар мен студенттердің ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыра отырып, Шерхан шығармашылығына байланысты үздік контент дайындау.

Бағыттың талаптары:

Ш.Мұртазаның өмірі мен шығармашылығына арналған контент міндетті түрде жетекшісімен бірлескен формада қорғалуы тиіс.

Контент ұзақтығы – 5 минут.

Қатысушылар тізімі 20 сәуір, сағат 19.00-ге дейін whatsapp мессенджері (8777-085-04-01 Жадыра Манатқызы) арқылы ұйымдастырушыларға хабарлануы тиіс.

2. «Essay competition» - эссе байқауы бағытының талаптары:

Бағыттың талаптары:

Қатысушы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері Ш.Мұртазаның шығармашылығы бойынша эссе жазуы шарт. Тақырыптар аудиторияда көрсетіледі.

Эссе ережесіне сәйкес:

- 10 сыныптар үшін 200-300;
- 11 сынып үшін 350;
- студенттер үшін 400-ден жоғары сөзді қамту керек.

Және эсседе білім алушының сөздік қоры, ойын тиянақты жеткізуі мен сауаттылығы, жалпы әдебиет өкілінің шығармашылығына деген ерекше көзқарасы бой көрсетуі шарт.

Қатысушылар тізімі 20 сәуір, сағат 19.00-ге дейін whatsapp мессенджері (8777-085-04-01 Жадыра Манатқызы) арқылы ұйымдастырушыларға хабарлануы тиіс.

3. «Best article» - үздік танымдық мақала бағытының талаптары:

Бағыттың талаптары:

«Ш.Мұртаза және ана тілі», «Ш.Мұртаза және тәуелсіздік», «Ш.Мұртаза және адалдық», «Ш.Мұртаза және «шекпенінен шыққандар» тақырыптарына негізделген мақалалар ұйымдастырушыларға алдын ала ұсынылады.

- танымдық мақала қазақ тілінде қабылданады;
- мақала көлемі Microsoft Word редакторының А4 форматында 3 беттен кем болмауы тиіс.

Байқауға қатысу өтінімі мен жұмыстарды 25 сәуірге дейін bavsakalova1984@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.

Байланыс телефоны: +7 7770850401 (Жадыра Манатқызы)

4. «Drama time» - үздік қойылым бағытының талаптары:

Бағыттың мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің театр шығармашылығын қолдау және дамыту, рухани-адамгершілік пен эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру, тұлғаның үйлесімді дамуына және өзіндік қабілетін танытуына жағдай жасау.

Бағыттың талаптары:

- Ш.Мұртазаның драмалық шығармаларынан үзінділер немесе кез келген шығармасынан үзінді-қойылым қоюға болады;
- Сахналық қойылым ұзақтығы – 5-7 минуттан аспауы тиіс;

Қатысушылар тізімін және қойылым атауын 20 сәуір, сағат 19.00-ге дейін whatsapp мессенджері (8777-085-04-01 Жадыра Манатқызы) арқылы ұйымдастырушыларға хабарлануы тиіс.

Шығармашылық фестиваліне Жамбыл облысы бойынша жалпы білім беретін орта мектептердің 10-11 сынып оқушылары (сахналық қойылымға барлық сыныптың оқушысын қатыстыруға болады), колледж және ЖОО студенттері қатыса алады. Өтінім үлгісі №1 қосымшада.

Байқаудың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне Ш.Мұртаза атындағы ХТУ Шерхантану ғылыми-зерттеу орталығы жауапты. (Орталық директорымен байланыс телефоны - 8 7771704185 Айнұр Тұрарқызы)

Байқаудың өткізілу мерзімі: 29 сәуір, 2026 жыл

Байқаудың өтетін орны: Желтоқсан көшесі 69 Б, Шерхан университеті

№1 қосымша:

Өтінім үлгісі:

Қала, аудан атауы	
ЖОО, колледж, мектеп атауы ✓	
Курсы, сыныбы	
Студенттің немесе оқушының аты-жөні	
Жетекшісінің аты-жөні	
Қатысатын бағытының атауы	
Байланыс телефондары	